ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қарар бөлігі)

2026 жылғы 28 қаңтар №7119-26-00-2/26 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.К.Кошенов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Утарбаева» дара кәсіпкері атынан Утарбаева Кидир Куановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 - 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Утарбаева» дара кәсіпкері атынан Утарбаева Кидир Куановнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алутуралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Утарбаева» дара кәсіпкері атынан Утарбаева Кидир Куановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Утарбаева» дара кәсіпкері атынан Утарбаева Кидир Куановнадан Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 58 980 (елу сегіз мың тоғыз жүз сексен) теңге мөлшерінде тұрақсызыдық айыбы

Документ подписан: Кошенов А. К., 28.01.2026
Дата вступления в законную силу: 05.03.2026, судья Кошенов А. К., 10.03.2026
7119-25-3-1/16205

және 1 769 (бір мың жеті жүз алпыс тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығындары өндірілсін.

«Утарбаева» дара кәсіпкері атынан Утарбаева Кидир Куановнадан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Кошенов

Документ подписан: Кошенов А. К., 28.01.2026

Дата вступления в законную силу: 05.03.2026, судья Кошенов А. К., 10.03.2026

7119-25-3-1/16205